

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 10 қаңтардағы № 156-V ҚРЗ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заң 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 9, 41-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 9-10, 50-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 15-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат):

1) 1 - б а п т а :

14) тармақшадағы «қатысу өтіліне (күнтізбемен есептегендегі уақыттың жалпы мөлшеріне)» деген сөздер «қатысудың жалпы өтіліне» деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

«18-1) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысудың жалпы өтілі – әлеуметтік аударымдар түскен айлардың жалпы саны;»;

2) 8-1-баптың 3) тармақшасы «(айқындау),» деген сөзден кейін «тағайындау,» деген сөзбен толықтырылсын;

3) 10-1-баптың 1-тармағында:

1) тармақшадағы «міндетті әлеуметтік аударымдары» деген сөздер «әлеуметтік аударымдары» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) төлеушілерден түскен әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдарды Қорға аударуды, әлеуметтік аударымдардың артық (қате) төленген сомаларын және (немесе) олар бойынша өсімпұлдарды төлеушілерге қайтаруды жүзеге асыруды;»;

б) тармақшадағы «ұсынуды жүзеге асырады.» деген сөздер «ұсынуды;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) жеке сәйкестендіру нөмірі жоқ және (немесе) деректемелерінде қателер жіберілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы үшін аударылған

әлеуметтік аударымдардың сомаларын төлеушіге қайтаруды жүзеге асырады.»;

4) 11-баптың 11) тармақшасы «(айқындау),» деген сөзден кейін «тағайындау,» деген сөзбен толықтырылсын;

5) 13-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) жеке сәйкестендіру нөмірі жоқ және (немесе) деректемелерінде қателер жіберілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы үшін аударылған әлеуметтік аударымдардың сомаларын қайтаруға;»;

6) 15 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жұмыс берушінің қызметкерге табыс түрінде төлейтін шығыстарын есептеу жұмыс берушінің қызметкерлерге табыс түрінде төлейтін шығыстарына әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ақшалай қамтылымын қоса отырып, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.»;

2-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер күнтізбелік ай үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ең төменгі жалақы мөлшерінен кем болса, онда әлеуметтік аударымдар ең төменгі жалақы мөлшері негізге алына отырып есептеледі, аударылады.» ;

7) 17 - бапта :

тақырыптағы «Міндетті әлеуметтік» деген сөздер «Әлеуметтік» деген сөзбен ауыстырылсын ;

2-тармақтың алтыншы бөлігіндегі «міндетті» деген сөз алып тасталсын;

2-1-тармақтың бірінші бөлігіндегі «міндетті әлеуметтік аударымдарды» деген сөздер «әлеуметтік аударымдарды» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 20 - бапта :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті орган құжаттар келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды қарайды және әлеуметтік төлемдерді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Әлеуметтік төлемдерді тағайындаудан бас тартылған жағдайда, ол өтініш берушіні бас тарту себептері туралы жазбаша түрде хабардар етуге және ұсынылған құжаттардың түпнұсқаларын өтініш берушіге Орталықтың құрылымдық бөлімшелері арқылы қайтаруға міндетті.» ;

4-тармақтың екінші сөйлеміндегі «табыс етілген құжаттарды сараптамаға» деген сөздер «мемлекеттік органдар мен тиісті ұйымдарға ұсынылған құжаттардың анық екендігі туралы сұрау салуды» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 22-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушысының асырауында болған отбасы мүшелерінің саны өзгерген жағдайда, әлеуметтік төлемдерді тағайындау жөніндегі уәкілетті орган алушының жазбаша өтініші негізінде әлеуметтік төлемдерді қайта есептеу туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте әлеуметтік төлем мөлшері әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар отбасы мүшелерінің санына қарай тиісінше ұлғайтылады немесе азайтылады.»;

10) 23-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жұмысынан айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем кейіннен өтініш жасалған кезде, жұмысынан айырылған жағдайда төленетін, бұрын алып келген әлеуметтік төлемнің әрбір айы үшін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысудың жалпы өтілінен он екі айдың шегерілетіні негізге алына отырып, тағайындалады.»;

11) 23-1-бапта:

2-тармақтың б) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар үшін қосымша.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлем Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен берілген еңбекке уақытша жарамсыздық парағында көрсетілген бүкіл кезеңге тағайындалады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары болып табылатын Байқоңыр қаласының тұрғындарына жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда төленетін әлеуметтік төлем Ресей Федерациясының федералдық денсаулық сақтау ұйымдары мен олардың Байқоңыр қаласының аумағында орналасқан бөлімшелері берген еңбекке уақытша жарамсыздық парағы негізінде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс кезеңіне тағайындалады.»;

12) 23-2-баптың 3-тармағының 5) тармақшасы алып тасталсын;

13) 29-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы «міндетті» деген сөз алып тасталсын.

2. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 10-11, 55-құжат):

1) 1-бапта:

20) тармақшадағы «Ұлттық Банкінің талаптарына» деген сөздер «Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға» деген сөздермен ауыстырылсын;

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«23) кастодиандық шарт – кастодиан-банк пен оның клиенті жасасатын, кастодиандық қызмет көрсету бойынша клиентке көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібін айқындайтын сақтау және тапсырма беру шарты;»;
мынадай мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:

«23-1) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры – әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы асыраушысынан айырылған жағдайда, оның асырауындағы отбасы мүшелерін қоса алғанда, өздеріне қатысты әлеуметтік қатер жағдайы басталған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға төлемдер жүргізетін заңды тұлға;»;

27) тармақшадағы «(бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидалары)» деген сөздер алып тасталсын;

31) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«31) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары – міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының салымшылары еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің пайдасы үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына салатын ақша;»;

33) тармақшадағы «заңды тұлға» деген сөздер «жұмыс беруші» деген сөздермен ауыстырылсын;

35) тармақшадағы «Қазақстан Республикасының заңнамасында» деген сөздер «уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 5-баптың 1-тармағындағы «заңнамалық актілерінде» деген сөздер «нормативтік құқықтық актілерінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6 - б а п т а :

3) тармақша «міндетті зейнетақы» деген сөздердің алдынан «бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына» деген сөздермен толықтырылсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) өндірістердің, жұмыстардың, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының салымшылары меншікті қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асыратын, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын қызметкерлер кәсіптерінің тізбесін бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 6-1), 6-2) және 6-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-1) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

6-2) баланың бір жасқа толғанға дейін күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидаларын бекітеді;

6-3) зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік

зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы бойынша алушының зейнетақы төлемдеріне құқықты иеленуі кезіндегі инфляцияның деңгейін ескере отырып, мемлекет кепілдіктерін орындау қағидаларын бекітеді;»;

4) 7 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) өндірістердің, жұмыстардың, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының салымшылары меншікті қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асыратын, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын қызметкерлер кәсіптерінің тізбесін әзірлейді;»;

5) және 8) тармақшалар «әзірлейді» деген сөзден кейін «және бекітеді» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-1), 9-2), 9-3), 9-4) және 9-5) тармақшалармен толықтырылсын:

«9-1) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;

9-2) баланың бір жасқа толғанға дейін күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидаларын әзірлейді;

9-3) салымшылардың (алушылардың) нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомаларына тиісті қаржы жылындағы инфляцияның деңгейін ескере отырып мониторингті жүзеге асырады;

9-4) зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы бойынша алушының зейнетақы төлемдеріне құқықты иеленуі кезіндегі инфляцияның деңгейін ескере отырып, мемлекет кепілдіктерін орындау қағидаларын әзірлейді;

9-5) зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша кадрлар даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;»;

5) 10-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы Заңның 11-бабының 1 – 3-тармақтарына сәйкес зейнеткерлік жасқа толғандарға;»;

6) 11 - б а п т а :

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Төтенше және радиация қаупі ең жоғары аймақтарда 1949 жылғы 29 тамыз – 1963 жылғы 5 шілде аралығындағы кезеңде кемінде 5 жыл тұрған азаматтардың «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

1) ерлердің – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмыстағы еңбек өтілі кемінде жиырма бес жыл болған жағдайда, 50 жасқа толғанда;

2) әйелдердің – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмыстағы еңбек өтілі кемінде жиырма жыл болған жағдайда, 45 жасқа толғанда зейнетақы төлемдерін тағайындауға құқығы бар.

3. 5 және одан да көп бала туған (асырап алған) және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдердің 53 жасқа толғанда жасына байланысты зейнетақы алуға құқығы бар.» ;

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Орталықтан жасына байланысты зейнетақы төлемдері толық көлемде осы баптың 1 – 3-тармақтарында белгіленген жасқа толғанда азаматтардың мынадай санаттарына : » ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жасына байланысты толық емес көлемдегі зейнетақы төлемдері осы баптың 1 – 3-тармақтарында аталған азаматтар санаттарына олардың Орталықтан зейнетақы төлемін толық көлемде алу құқығы болмаған кезде, 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілінің болуына қарай және осы Заңның 64-бабының 2-тармағында аталған адамдарға қызметтен босатылған кезден бастап тағайындалады.»;

7) 13-баптың 1-тармағының 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«15) Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі жоғары оқу орындарында, оның ішінде даярлық курстарында, арнаулы орта оқу орындарында, училищелерде, мектептерде және кадрлар даярлау, біліктілікті арттыру және қайта мамандандыру курстарында, аспирантурада, докторантурада және клиникалық ординатурада, сондай-ақ рухани (діни) білім беру ұйымдарында оқу;»;

8) 18-баптың 3-тармағы «жағдайда,» деген сөзден кейін «Орталықтан төленетін» деген сөздермен толықтырылсын;

9) 20-баптың 1-тармағында:

7) тармақша «агентке» деген сөзден кейін «және (немесе) Орталыққа» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 14-1) және 14-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«14-1) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен төленетін әлеуметтік төлемдерден ұсталған міндетті зейнетақы жарналарын ұйымдастыру және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару;

14-2) баланың бір жасқа толғанға дейін күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға бюджет қаражаты есебінен субсидияланатын міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару;» ;

10) 24-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1) осы Заңның 11-бабының 1 – 3-тармақтарына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған адамдар ;

2) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеу осы тармақшада аталған адамдардың өтініші бойынша жүзеге асырылады. » ;

3 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Агент осы Заңның 11-бабының 1 – 3-тармақтарына сәйкес зейнеткерлік жасқа толған қызметкерлердің пайдасына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады.»;

11) 25-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Баланың бір жасқа толғанға дейін күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді алушылар үшін бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналары қосымша белгіленеді.

Аталған алушылар үшін міндетті зейнетақы жарналарының жиынтық мөлшерлемесі Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың 10 пайызын құрайды .

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналарының жалпы сомасы бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомаларынан және баланың бір жасқа толғанға дейінгі күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерден ұсталатын міндетті зейнетақы жарналарының сомаларынан тұрады .

Агент міндетті зейнетақы жарналарын аударған кезде бюджет қаражаты есебінен қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау тоқтатылады.»;

12) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«26-бап. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі және оларды жүзеге асыру тәртібі

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленуге жататын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен зейнетақы жарналарын есептеу үшін алынатын қызметкердің ай сайынғы табысының 5 пайызы мөлшерінде белгіленеді .

2. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының салымшылары міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын меншікті қаражаты есебінен еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстармен айналысатын, кәсіптері өндірістердің, жұмыстардың,

қызметкерлер кәсіптерінің тізбесінде көзделген қызметкерлердің пайдасына жүзеге асырады.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының салымшылары өндірістік объектілерді аттестаттау нәтижелерімен расталған зиянды (ерекше зиянды) еңбек жағдайлары жойылған кезде міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асырмайды.»;

13) 28 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Нақты төлем жасалған және қызметкер табыс алған жағдайда агент уақтылы ұстап қалмаған (есебіне жазбаған) және (немесе) аудармаған міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомаларын салық органдары өндіріп алады немесе оларды әрбір мерзімін өткізіп алған күнге (Орталыққа төлейтін күнді қоса алғанда) уәкілетті орган белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде есебіне жазылған өсімпұлмен бірге міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, өздерінің пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін қызметкерлердің пайдасына агенттер аударуға тиіс.» ;

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Агент хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде салық органына өздерінің пайдасына міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек өндіріп алынатын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының тізімдерін, сондай-ақ өздерінің пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек өндіріп алынатын қызметкерлердің тізімдерін ұсынуга міндетті.» ;

4-тармақтың екінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) агент бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының тізімдерін ұсынбаған және міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек болған, сондай-ақ өздерінің пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін қызметкерлердің тізімдерін ұсынбаған және олар бойынша берешек болған жағдайда осы баптың 2-тармағында көзделген хабарлама табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң жүргізіледі. Бұл ретте агенттің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру салық органының агенттің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімінде көрсетілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша берешек сома шегінде жүргізіледі ; » ;

14) 29-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Агент есептелген, ұсталған (есебіне жазылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары туралы мәліметтерді ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей міндетті зейнетақы жарналарының салымшыларына және өздерінің пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы

жарналары төленетін қызметкерлерге ұсынуға міндетті.»;

15) 32-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) жұмыстардағы жұмыс өтілі кемінде бес жыл болған және осы Заңның 59-бабының 4-тармағына сәйкес ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен емес төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде елу жасқа толған;»;

2) тармақшадағы «кеткен және» деген сөздер «кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың,» деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 33-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы «кеткен және» деген сөздер «кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың,» деген сөздермен ауыстырылсын ;

17) 34-баптың 9-тармағында:

9) тармақшадағы «Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде» деген сөздер «уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде» деген сөздермен ауыстырылсын ;

11) тармақшадағы «Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде» деген сөздер «уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде» деген сөздермен ауыстырылсын ;

18) 36-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін орналастыру үшін рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау және осы тізбені мақұлдау ;» ;

19) 37-баптың тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«37-бап. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы салымшының (алушының) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен шарттары

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен салымшылардың (алушылардың) құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және өзге де құқықтық қатынастарын белгілейтін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларының негізінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры әзірлейді.»;

20) 41-бапта:

4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен салымшының (алушының) жазбаша өтініші бойынша сотта оның мүддесін білдіруге;»;

5-тармақтың 7) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде» деген сөздер «уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 45-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қосылатын ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелері қайта ұйымдастырылған ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен берілуге тиіс .
» ;

22) 48-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті түрде таратылуға рұқсат алу туралы өтінішхатын уәкілетті орган тиісінше ресімделген құжаттарды алған күннен бастап үш ай ішінде қарауға тиіс.

Өтінішхатқа мынадай құжаттар:

1) акционерлердің жалпы жиналысының ерікті түрде тарату туралы шешімі;
2) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта көзделген міндеттемелердің жоқ екендігін растайтын құжат;

3) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта көзделген міндеттемелердің жоқ екендігін куәландыратын бухгалтерлік баланс пен оған түсіндірме жазба;

4) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтерін және міндеттемелерін қабылдау-тапсыру актісі;

5) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы қорларын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензияның және бағалы қағаздар нарығында басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның негізінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың жоқ екендігін растайтын құжаттар қоса берілуге тиіс. Осы тармақшада көрсетілген құжаттардың тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді .

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының ерікті түрде таратылуға рұқсат алу туралы өтінішхатына және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта көзделген міндеттемелердің, сондай-ақ ерікті жинақтаушы зейнетақы қорында бар бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға арналған барлық лицензиялар бойынша міндеттемелердің жоқ екендігін растайтын құжатқа ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысы қол қоюға және олар ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының мөрімен расталуға тиіс.»;

23) 50-баптың 4-тармағының 3) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының

заңнамасында» деген сөздер «осы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 51-баптың 6-тармағындағы «негізгі» деген сөз алып тасталсын;

25) 73-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, жинақтаушы зейнетақы қорының, бұрынғы кастодиан-банктің, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның, Орталықтың және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің уәкілетті өкілдері қол қойған зейнетақы активтері мен міндеттемелерді қабылдау-тапсыру актілерімен ресімделеді.».

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 10-11, 56-құжат):

2 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы «31-тармағының 1) және 2) тармақшаларын» деген сөздер «31-тармағы 1) тармақшасының жетінші абзацын» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры бірінші жинақтаушы зейнетақы қорымен зейнетақы активтері мен міндеттемелерді қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен кейінгі күннен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 31-тармағының 1) тармақшасының бірінші – алтыншы абзацтарын және 2) тармақшасын;»;

5-тармақтың екінші бөлігіндегі «осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап екі айдың ішінде» деген сөздер «2014 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

«5-1. Инвестициялық портфельді басқарушының акционері болып табылатын және осы Заң қолданысқа енгізілген күннен кейінгі күні «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 72-1-бабына сәйкес инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілеріне сай келетін тұлға, сондай-ақ «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 73-бабының 8-тармағына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларының ірі қатысушылары және инвестициялық портфельді басқаруға лицензия алу үшін өтініш білдірген зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар үшін ірі қатысушы мәртебесін иемденуге уәкілетті органнан келісім алу талап етілмейді.» ;

«8. Заңды тұлғалардың өз атауларында «жинақтаушы зейнетақы қоры», «зейнетақы

активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым» деген сөздерді қандай тілде болсын толық түрде пайдалануына тыйым салынады.

Бұл талап зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт бойынша зейнетақы активтері мен міндеттемелерді бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қабылдау-тапсыру актісіне қол қоймаған жинақтаушы зейнетақы қорларына және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылмады. » .

2-бап. Осы Заң 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК